

Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 14 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4299. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 119 Қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.08.22 N 119 қаулысымен*

*----- Бұйрықтан үзінді -----*

*"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 11), 15) тармақшаларына, 45-бабының 4-тармағына, 49-бабына және "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағының 5), 6) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1 . . . . .*

*2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

*3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.*

*4 . . . . .*  
*5 . . . . .*  
*6 . . . . .*

*7. ...*

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы*

*Қ а р ж ы*

*н а р ы ғ ы н*

*ж ә н е*

*қ а р ж ы*

ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
агенттігі Басқармасының  
2008 жылғы 22 тамыздағы  
N 119 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық  
актілердің тізбесі

1. Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4299 тіркелген)

2 . . . .  
3 . . . .

4. ...

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 11), 15) тармақшаларына, 45-бабының 4-тармағына, 49-бабына және "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 5), 6) тармақшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

17-тармақ алып тасталсын.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күннен кейін қолданысқа енгізіледі және оның қолданысы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

5. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күннің ішінде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

6. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының  
2006 жылғы 17 маусымдағы

N 132 қаулысына 1-қосымша

**Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін  
қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық  
нормативтерді есептеу ережесі**

*Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша "Брокер және (немесе) дилер", "Брокерге және (немесе) дилерге және", "және Брокерге және (немесе) дилерге және", "Брокердің және (немесе) дилердің және", "Брокер және (немесе) дилердің және", "Брокер және (немесе) дилер және", "және Брокерге және (немесе) дилерге", "Брокерде және (немесе) дилерде және", "Брокер мен (немесе) дилердің", "Брокер мен (немесе) дилерде", "Брокерге және (немесе) дилерге", "Брокердің және (немесе) дилердің" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтерін есептеу тәртібін белгілейді.

2. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған, осы Ережеде көрсетілмеген өзге пруденциалдық нормативтер бойынша есептеу және есеп беру тәртібі қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) олардың есептеу және есеп беру тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі - Басқарушы) өтімді активтері ретінде мына активтер т а н ы л а д ы :

1 ) а қ ш а , о н ы ң і ш і н д е :

баланс бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын кассадағы а қ ш а ;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоттарындағы а қ ш а ;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің шоттарындағы ақша;

"A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар резидент емес банктердің шоттарындағы ақша;

ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногындағы операцияларды жүзеге асыруға арналған ұйымдарға банктік қызмет көрсететін резидент емес ұйымдардың ш о т т а р ы н д а ғы а қ ш а ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) Бағалы қағаздары қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ресми тізімге енгізілген немесе еншілес резидент банктер болып табылатын, ықтимал шығын резервін шегергендегі "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар резидент емес енші беруші банктердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

4) ықтимал шығын резервін шегергендегі "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) (негізгі борыш пен есептелген

сыйақы сомасын ескере отырып) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар резидент емес банктердегі салымдар;

5) ықтимал шығын резервін шегергендегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

6) ықтимал шығын резервін шегергендегі қор биржасының ең жоғары санаты бойынша (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму банкі" АҚ облигацияларынан басқа) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізімге енгізілген Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

7) ықтимал шығын резервін шегергендегі қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары;

8) ықтимал шығын резервін шегергендегі Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

9) ықтимал шығын резервін шегергендегі "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамының облигациялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

10) ықтимал шығын резервін шегергендегі кредиттік рейтингтің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

11) ықтимал шығын резервін шегергендегі кредиттік рейтингтің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

12) ықтимал шығын резервін шегергендегі борыштық бағалы қағаздары кредиттік рейтингтің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік

бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

13) ықтимал шығын резервін шегергендегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып);

14) ықтимал шығын резервін шегергендегі Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын, "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар немесе шет мемлекеттердің не Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналыстағы "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас рейтингі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар ұйымдардың акциялары Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын, "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар немесе шет мемлекеттердің не Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналыстағы "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас рейтингі бойынша "A" рейтингтік бағасы бар ұйымдардың борыштық бағалы қағаздары;

15) тазартылған қымбат металдар;

16) ықтимал шығын резервін шегергендегі қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) (елу процентке кемітілген негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

16-1) Алматы қаласының Өңірлік Қаржы Орталығының арнаулы сауда алаңында листинг рәсімінен өткен негізгі борыш сомасын және есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, ықтимал шығын резервтерін қоспағанда борыштық бағалы қағаздар;

17) ықтимал шығын резервін шегергендегі ашық және аралық инвестициялық қорлардың пайлары (елу процентке кемітілген);

18) ықтимал шығын резервін шегергендегі, елу процентке кемітілген, акционерлері бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылатын, бағалы қағаздармен, бағалы қағаздардың және бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын өзге заңды

тұлғалардың орталық депозитарийімен жасалатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың акциялары;

19) Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын (ықтимал шығын резервін шегере отырып), қызметкерлер мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі ұйымның дебиторлық берешегі, оның ішінде:

Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын, баланс бойынша активтер сомасының жиырма процентінен аспайтын мөлшердегі шарт талаптары бойынша дебиторлық берешекті шегергендегі жасалған шарт талаптарын қызметкерлердің және басқа тұлғалардың үш күннен аспайтын мерзімге кешіктірген дебиторлық берешек (ықтимал шығын резервін шегере отырып);

Басқарушыға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын, Басқарушының балансы бойынша жасалған шарт талаптарын қызметкерлердің және басқа тұлғалардың тоқсан күннен аспайтын мерзімге кешіктірген елу процентке кемітілген активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі дебиторлық берешекті шегергендегі дебиторлық берешек (ықтимал шығын резервін шегере отырып).

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімді активтер есебіне қосылмайды:

Басқарушы оларды қайта сатып алу шартымен сатқан немесе кепілге берген, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жолмен ауыртпалық салған жағдайда;

Басқарушы автоматтандырылған "репо" нарығында қайта сату шартымен бағалы қағаздарды сатып алған жағдайда.

*Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.10.27 N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.02.23 N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.*

4. Басқарушының меншікті капиталдың жеткіліктілік есебіне енген басқа активтері ретінде мынадай активтер танылады:

1) Басқарушының баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтары, оның ішінде:

Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі немесе тұрақты пайдалану құқығындағы жер;

Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі үйлер және ғимараттар;

Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының бес процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі машиналар мен жабдықтар;

2) бағдарламалық қамтамасыз ету - Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі баланстық құны б о й ы н ш а .

*Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

5. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры үшін (бұдан әрі - Қор) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым үшін (бұдан әрі - Ұйым) өтімді және басқа активтер тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 27-қазандағы N 223 қаулысымен анықталады.

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

## **2-тарау. Қор үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі**

*Ескерту: 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

6. Қор зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыру барысында меншікті капиталының, сондай-ақ Қор зейнетақы активтері мен брокерлік және дилерлік қызметті номиналды ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығынсыз инвестициялық басқару жөніндегі қызметті қоса атқарған кезде жеткіліктілік коэффициенті мына формула б о й ы н ш а е с е п т е л і н е д і :

$$K_1 = (\Theta A - M) / M3A, \text{ мұнда}$$

$\Theta A$  - осы ереженің 5-тармағында көрсетілген Қор активтері;

$M$  - Қордың жиынтық міндеттемелері ("репо" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "репо" ашу сәтіне қор биржасының ішкі

ережелеріне сәйкес анықталған "репо" объектісінің нарықтық құнының дисконт  
с о м а с ы к і р е д і ) ;

МЗА - мына формула бойынша есептелетін тәуекел дәрежесі бойынша  
мөлшерленген Қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құны  
:

$$МЗА = E(K * K_T) + ((Ж_{пт} + E_{пт}) + E_{Ак} * 0,08 + B_T) + ОЖК,$$
 мұнда  $E(K * K_T)$  -  
к р е д и т т і к т ә у е к е л , м ұ н д а

$K$  - қаржылық есептің халықаралық стандартына сәйкес өтелгенге дейін  
ұсталынатын санатқа енгізілген борыштық бағалы қағаздардың, сондай-ақ үш  
жылдан астам портфелдегі борыштық бағалы қағаздардың, депозиттердің,  
аффинирленген бағалы металдардың ағымдағы құны;

$K_T$  - осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі  
бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының тәуекел деңгейі;

$(Ж_{пт} + E_{пт}) + E_{Ак} * 0,08 + B_T$  - рыноктық тәуекел, мұнда

$(Ж_{пт} + E_{пт})$  - осы ереженің 1-1-қосымшасына сәйкес есептелген ерекше  
пайыздық тәуекелдің және осы Ереженің 1-2-қосымшасына сәйкес есептелген  
жалпы пайыздық тәуекелдің кредиттік тәуекелдің есебіне қабылданбаған  
борыштық бағалы қағаздар бойынша сомасын көрсететін пайыздық тәуекел,

$E_{Ак} * 0,08$  - қор тәуекелі, мұнда

$A_{к}$  - акциялардың, пайлардың ағымдағы құны,

$B_T$  -  $B * 0,08$  ретінде анықталатын валюталық тәуекел, мұнда

$B$  - шығару шарты бағалы қағаздардың айналымының барлық кезеңіне  
үлттық валютаның белгіленген бағамы бойынша осы қаржы құралы бойынша  
ақша ағындарын белгілеуді көздейтін қаржы құралдарын қоспағанда, шетел  
валютасында номинирленген қаржы құралдарының, сондай-ақ, олар бойынша  
шетел валюталарының бағамдары өзгеруіне индекстелген номинал және/немесе  
купондық сыйақы, және бағалы металдардың, қолма-қол шетелдік валютаның  
а ғ ы м д а ғ ы қ ұ н ы ;

ОЖК - формула бойынша есептелетін орташа алынған жалпы кіріс:

$E$  соңғы үш қаржы жылында алынған жалпы кіріс

$$ОЖК = \frac{\quad}{3}$$

ОЖК мөлшері қаржылық есеп беруге сәйкес есепті жылдың бірінші айының  
бірінші күнгі жағдай бойынша жыл сайын есептеледі және қажет болғанда жыл  
сайынғы аудиттен кейін түзетіледі.

*Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23  
ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.28 N  
56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.*

7. Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің мәні күн сайын мынадай болу тиіс:

- 1) 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 0,01 кем емес;
- 2) 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 0,04 кем емес;
- 3) 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 0,06 кем емес.

**3-тарау. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі**

*Ескерту: 3-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

8. Ұйым қызметін инвестициялық портфельді басқару қызметімен (басқаруында активтер болса) қоса атқарғанда, сондай-ақ клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті қоса атқарғанда, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттің есептеу тәртібі және мәні Агенттік Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 223 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4480 тіркелген) белгіленеді.

*Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

9 - 1 0 . < \* >

*Ескерту: 9-10-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

**4-тарау. Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйым үшін пруденциалдық нормативті есептеу тәртібі**

11. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу құқығымен) брокерлік-дилерлік қызметпен қоса атқарғанда, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$K_1 = (\Theta A - M) / MKAM$ , мұнда

$\Theta A$  - осы Ереженің 3 және 4-тармақтарында көрсетілген Басқарушы активтері ;

$M$  - Басқарушының жиынтық міндеттемелері;

$MKAM$  - Басқарушының меншікті капиталының ең аз мөлшері:

$MKAM = 50$  миллион теңге.

Егер басқаруға қабылданған активтерінің құны 40 миллиард теңгеден астам болған жағдайда, онда Басқарушының меншікті капиталының ең аз мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$MKAM = (20 \text{ миллион теңге} + (БҚА - 40 \text{ миллиард теңге}) * 0,0002) + 30 \text{ миллион теңге}$ , мұнда

$БҚА$  - басқаруға қабылданған активтер.

$MKAM$  ең жоғары мөлшері 1,6 миллиард теңгеден аспауы тиіс.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің мәні күн сайын кемінде 1 болуы тиіс.

12. Басқарушы номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті қоса атқарғанда, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$K_1 = (BA - M) / MKAM$ , мұнда

$BA$  - осы Ереженің 3 және 4-тармақтарында көрсетілген Басқарушы активтері ;

$M$  - Басқарушының жиынтық міндеттемелері;

$MKAM$  - мына формула бойынша есептелген Басқарушының меншікті капиталының ең аз мөлшері.

$MKAM = 25$  миллион теңге.

Егер басқаруға қабылданған активтерінің құны 40 миллиард теңгеден астам болған жағдайда, онда Басқарушының меншікті капиталының ең аз мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$MKAM = (20 \text{ миллион теңге} + (БҚА - 40 \text{ миллиард теңге}) * 0,0002) + 5 \text{ миллион теңге}$ , мұнда

$БҚА$  - басқаруға қабылданған активтер.

$MKAM$  ең жоғары мөлшері 1,6 миллиард теңгеден аспауы тиіс.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің мәні күн сайын кемінде 1 болуы тиіс.

**5-тарау. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызмет пен банк**

**операцияларының жекелеген түрлерін, факторингтік, форфейтингтік операцияларды және вексельдермен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі**

*Ескерту: 5-тарау алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

**6-тарау. Пруденциалдық нормативтердің есебі үшін пруденциалдық нормативтердің есебін және қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі**

*Ескерту: 6-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

25. Пруденциалдық нормативтердің есебіне байланысты қосымша мәліметтер және пруденциалдық нормативтердің есебі уәкілетті органға осы Ереженің Қорға және Ұйымға арналған 5 және 7-қосымшаларына сәйкес және есепті айдың соңғы күнтізбелік күні үшін есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласы уақыты бойынша 18.00-ден кешіктірмей беріледі.

*Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

26. Пруденциалдық нормативтердің есебіне байланысты қосымша мәліметтер және пруденциалдық нормативтердің есебі уәкілетті органға осы Ереженің Басқарушыға арналған 6 және 8-қосымшаларына сәйкес және есепті тоқсанның соңғы күнтізбелік күні үшін есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласы уақыты бойынша 18.00-ден кешіктірмей беріледі.

*Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

27. Пруденциалдық нормативтердің есебіне байланысты қосымша мәліметтер электронды тасымалдағышпен беріледі. Пруденциалдық нормативтің есебі қағаз тасымалдағышта беріледі, оған Қордың, Ұйымның, Басқарушының бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, бас бухгалтер қол қояды және ол м ө р м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

*Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.*

28. Қағазға шығарылған қосымша мәліметтерге бірінші басшы немесе ол уәкілеттік берген адам, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен расталады және Қорда,

Ұйымда, Басқарушыда сақталады. Уәкілетті органның талап етуі бойынша Қор, Ұйым, Басқарушы сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қағазға шығарылған қосымша мәліметтерді береді.

*Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

29. Электронды тасымалдағыштағы қосымша мәліметтер беріліп отырған деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныс құралдары бар ақпаратты жеткізіп берудің кепілдік беру жүйесін пайдалана отырып, жасалады.

30. Электронды тасымалдағышпен және қағазға шығарылып берілген деректердің дәл келуін Қордың, Ұйымның, Басқарушының бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам қамтамасыз етеді.

*Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

31. Пруденциалдық нормативтердің есебіне байланысты қосымша мәліметтердегі және пруденциалдық нормативтердің есебіндегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

*Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

32. Пруденциалдық нормативтердің есебіне байланысты қосымша мәліметтерді және пруденциалдық нормативтердің есебін толтырған кезде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан артық сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

*Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

33. Пруденциалдық нормативтер бұзылған жағдайда Қор, Ұйым, Басқарушы тәртіп бұзылған сәттен бастап үш жұмыс күні аралығында пруденциалдық нормативтердің бұзылу фактісі мен себептері туралы, оларды жоюдың іс-шаралар жоспарын қосып бере отырып, уәкілетті органға хабарлайды.

34. Қор, Ұйым, Басқарушы осы Ереженің 31, 32-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, осы Ереженің 7, 8-қосымшаларына сәйкес нысанда осының алдындағы жұмысы күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы тікелей жұмыс күнінің алдындағы әр демалыс күнінің соңындағы жағдай бойынша әр жұмыс күні үшін пруденциалдық нормативтерінің есебін жасайды.

Қағаз тасымалдағыштағы пруденциалдық нормативтердің есебіне бірінші басшы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, Қордың, Ұйымның және Басқарушының бас бухгалтері қол қояды Қор, Ұйым, Басқарушының мөрімен расталады және Қорда, Ұйымда, Басқарушыда сақталады.

*Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.10.27 N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.04.30 N 112 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.07.16 N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.*

35. Уәкілетті орган пруденциалдық нормативтерді Қор, Ұйым, Басқарушының уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес электронды тасымалдағышпен берген қаржылық және өзге де есеп беруі негізінде есептейді.

#### **7-тарау. Қорытынды ережелер**

36. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп бойынша шешіледі.

Бағалы қағаздар рыногында  
кәсіби қызмет түрлерін қоса  
атқаратын ұйымдарға арналған  
пруденциалдық нормативтерді

есептеу ережесінің 1-қосымшасы

*Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.10.27 N 226 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.02.23 N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.28 N 56 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.*

#### **Кредит тәуекелділігі**

| Баптардың атауы                                                                                                                                                                                | Сомасы | тәуекел.<br>ділік<br>деңгейінің<br>пайыздық<br>көрсеткіші | Есептік Сомасы |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-----------------------------------------------------------|----------------|
| I-топ                                                                                                                                                                                          |        |                                                           |                |
| Қолма-қол теңге                                                                                                                                                                                |        | 0                                                         |                |
| Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдің шетелдік қолма-қол валютасы |        | 0                                                         |                |
|                                                                                                                                                                                                |        |                                                           |                |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |    |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары                                                                                                                                                                                                                                                                                               | 0  |  |
| Қазақстан Республика Ұлттық Банктегі салымдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | 0  |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар                                                                                                | 0  |  |
| Мынадай халықаралық қаржы ұйымдарымен шығарылған бағалы қағаздар:<br>Халықаралық қайта құру және даму банкі;<br>Еуропа қайта құру және даму банкі;<br>Америка аралық даму банкі;<br>Халықаралық есеп-айырысу банкі;<br>Азия даму банкі;<br>Африка даму банкі;<br>Халықаралық қаржы корпорациясы;<br>Ислам даму банкі;<br>Еуропа инвестициялық банкі. | 0  |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес халықаралық рейтингісін иеленген немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар соның ішінде, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде тазартылған қымбат металдар мен металл депозиттер                                                          | 0  |  |
| I-тәуекел тобына енгізілген активтер болып табылатын базалық активтері фьючерс, опцион, своп, форвард                                                                                                                                                                                                                                                | 0  |  |
| I-тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 0  |  |
| II топ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |    |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "BBB"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар және елдердің рейтингтік бағасына сәйкестігі жоқ елдердің шетелдік қолма-қол валютасы                                                                                                  | 20 |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-" дейін тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар                                                                                                          | 20 |  |
| Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздар                                                                                                                                                                                                                                                                     | 20 |  |
|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |    |  |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |    |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|
| Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес халықаралық шәкіл бойынша ұзақ мерзімді кредит рейтингісін иеленген немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің "kzAAA" төмен емес ұлттық шәкіл бойынша рейтингі бағасы бар, Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес халықаралық шәкіл бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар ұзақ мерзімді кредит рейтингісін иеленетін еншілес банк резиденттерде, сабақтас банк резиденттерде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің салымдары | 20 |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес халықаралық рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шетелдік ұйымдары шығарған Мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 20 |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес халықаралық рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің "kzAAA" төмен емес ұлттық шәкілде рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасы және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар                                                                                                                                                                                                                          | 20 |  |
| "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 20 |  |
| "Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 20 |  |
| Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған инфрақұрылымдық облигациясы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 20 |  |
| Халықаралық рейтингісі бар "Standard & Poor's principal stability fund ratings" төмен емес "Aam-" немесе Standard & Poor's Fund credit gualit ratings" төмен емес "Aaf-" инвестициялық қорлардың пайы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | 20 |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-" дейін төмен емес халықаралық рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар ұйымдар шығарған Principal protected notes                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | 20 |  |
| II-тәуекел тобына енгізілген активтер болып табылатын базалық активтері фьючерс, опцион, своп, форвард                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 20 |  |
|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |    |  |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |    |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--|
| Жол үстіндегі ақша                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 20 |  |
| II-тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 20 |  |
| III топ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |    |  |
| Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-дан "BBB-" дейін тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 50 |  |
